

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ



Мемлекет басшысы Түркия Сыртқы істер министрі Хакан Фиданды қабылдады.

Президент, ең алдымен, Хакан Фиданды Түркияның Сыртқы істер министрі лауазымына тағайындалуымен құттықтап, оның казак-түрік қатынастарын одан әрі дамытуға елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Түркия Республикасының құрылғанына 100 жыл толатынын атап өтіп, бұл бауырлас мемлекет үшін тарихи белес екенін жеткізді.

— Бір ғасырдың ішінде Анадолы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салада орасан зор табысқа жетті. Аймақтық және жаһандық мәселелерді шешуге белсенді және табанды түрде атсалысып, әлемнің беделді мемлекетіне айналды. Мен Түркияның ғасырлық мерекесіне орай Астана көшелерінің бірін Анадолы деп атауды тапсырдым, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Түркия біздің аса маңызды стратегиялық серіктесіміз екеніне назар аударып, екі ел башшыларының кездесуінде жоғары деңгейдегі көптеген уағдаластыққа қол жеткізілгенін айтты.

— Бауырлас елдеріміздің қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Түркия еліміздің негізгі төрт сауда серіктесінің біріне айналды. Былтыр екіжақты тауар айналымы 54 пайызға өсіп, 6,3 миллиард долларға жетті. Осы көрсеткішті жақын арада 10 миллиардқа жеткізуге келістік. Екі ел арасында инвестициялық ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатыр. Түркия — Қазақстанның ең ірі 10 инвесторының бірі. Қазір жалпы құны 2,8 миллиард доллардан асатын 36 жоба бойынша жұмыс жүріп жатыр. Сондықтан екі ел арасындағы ынтымақтастықтың болашағы зор деп ойлаймыз, — деді Президент.

Өз кезегінде Хакан Фидан Мемлекет басшысына Президент Режеп Тайип Ердоғанның сәлемін жеткізіп, Түркия тарапы ортақ күш-жігердің нәтижесінде екі елдің өзара ынтымақтастығын, сондай-ақ аймақтық және халықаралық аренадағы әлеуетін бұдан да жоғары деңгейге жеткізуге ниетті екенін айтты.

Сонымен қатар ол Президент Режеп Тайип Ердоғанның биыл қараша айында өтетін Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті аясында өзара стратегиялық қарым-қатынас мәселелерін кеңінен талқылауды жоспарлап отырғанын жеткізді.

КӨМІРСУТЕГІ ЭКСПОРТЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевті қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компания қызметінің нәтижесі жөнінде мәлімет берілді. Биылғы 8 айда мұнай және газ конденсатын өндіру, мұнай тасымалдау және қайта өңдеу көрсеткіштері бойынша өсім бар екені атап өтілді.

Мағзұм Мырзағалиевтің айтуынша, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнайдың отандық бренді КЕВСО (Kazakhstan Export Blend Crude Oil) өндірісін бастады. Қазір КЕВСО мұнайының экспорт көлемі тұрақты түрде артып келеді. Бұл ретте КЕВСО мұнайының бағасы биылғы тамыз айында Brent мұнай маркасының бағасынан асып түсті.

Сондай-ақ Президентке мұнай өңдеу зауытынан жанар-жағармай жөнелту қарқыны, соның ішінде күзгі жиын-терін маусымында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қажеттілігін қамтамасыз ету ісі жөнінде баяндалды. Атап айтқанда, «ҚазМұнайГаз» компаниясы егін жинау науқанына 426 мың тонна дизель отынын бөлген.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына компанияның танкер флотын кеңейту, соның

ішінде Каспий теңізі мен басқа да ашық теңіз акваторияларында энергетикалық ресурстарды тасымалдауға арналған ірі тоннажды танкерлер санын көбейту жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компанияның өңірлерде жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобалары жөнінде есеп берілді. Атап айтқанда, Президентке Маңғыстау облысының Жанаөзен қаласын ауызсумен қамтамасыз ету үшін жана су тұщыту зауытының құрылысы басталғаны және Астрахан — Маңғышлақ магистралды су құбырын реконструкциялау жұмыстарының барысы жөнінде баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, көмірсутегі экспорттың арттыру және геологиялық барлау жұмыстарының ауқымын кеңейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді. Сондай-ақ Президент мұнай мен газды терең өңдеу саласына баса мән беру маңызды екенін атап өтті.

ЕЛІМІЗДЕ ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ



Мемлекет басшысы «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады.

Президентке ұлттық компанияның биылғы бірінші жартыжылдықтағы негізгі қаржы-шаруашылық көрсеткіштері және газ саласын реформалау жұмыстарының барысы туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы 2022 жылдың басынан бастап Атырау, Маңғыстау облыстары мен Алматы қаласында өз қаражаты есебінен сомасы 400 миллиард теңге болатын инвестициялық жобаларды іске асырғаны жөнінде баяндалды.

Былтыр жыл басынан бері ұлттық компания халық пен бизнес үшін газ бағасын 389 миллиард теңгеге субсидиялады. Осы кезеңде 450 мыңға жуық казакстандық табиғи газға қол жеткізді.

Мемлекет басшысына газ тапшылығы мәселесінің шешілуіне қатысты мәлімет берілді. Санжар Жаркешовтің айтуынша, қабылданған шаралар алдағы күзгі және қысқы кезеңде Қазақстанда табиғи газбен артығымен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Бейнеу — Бозой — Шымкент магистралды газ құбырының екінші желісіне қатысты жобаны жүзеге асырылу барысы және Қытай Халық Республикасымен жана экспорттық келісімшартқа қол қойылуы жөнінде ақпарат берілді.

Бұдан бөлек, Президентке газ саласының ортамерзімді стратегиясын жүзеге асыру, газ өңдеу қуатын ұлғайту және елімізді одан әрі газбен қамтамасыз ету перспективалары жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына газдың ресурстық базасын кеңейту жұмыстары туралы да баяндалды. «QazaqGaz» ҰК» АҚ төрағасының айтуынша, 2023 жылдың соңына дейін жана Анабай газ кен орны іске қосылады, сондай-ақ Придорожное кен орнын игеруге дайындық басталды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі нарыққа газ жеткізуді тұрақты түрде қамтамасыз етуге, жылыту маусымына уақытылы дайындалуға, үнемді тұтыну тұжырымдамасын енгізуге және баға белгілеу ісін реформалауға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

АҚШ-ҚА АПАРАР ЖОЛ

Америкаға бару — талай жанның арманы. Бірақ АҚШ-тың визасына көптің қолы жете бермейді. Салдарынан соңғы жылдары Мексика арқылы Америка шекарасын заңсыз кесіп өту фактілері көбейген. Мұның ішінде қазақстандықтар да бар. Америкадан жарқын өмір іздегендердің алды алаяқтарға алданып, шекара заңын бұзғаны үшін ұсталып, депортация мен «қара тізімге» ілініп те жатыр. Тіпті, Мексикада түрлі қатерге ұшырап, із-түзсіз жоғалып кеткендер де бар екен. Бірақ мигранттардың заңсыз көшін қауіп пен қатер тоқтата алмай отыр.

4 >>



ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР КҮН БАР МА?



Құқық қорғау қызметінің оң имиджін қалыптастыру үшін көптеген реформа жасалды. Шыны керек, бұл салаға басшылық еткендердің барлығы да полициялардың жүріс-тұрысынан бастап киген киімдеріне, сөйлеген сөздеріне дейін өзгертуге әрекет етті. Әйткенмен, түбегейлі өзгеріс әкеледі деген министрлердің бастаған істі соңына дейін жеткізбегенін де көз көрді.

4 >>

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖЕМІСІН БЕРІП ЖАТЫР



3
БЕТ

ТАРИХ ШЫНДЫҒЫ — ТЕАТР САХНАСЫНДА



8
БЕТ



